

Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттары мен әлеуметтік көмек алуға қажетті құжаттардың тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық мәслихатының 11 сессиясының 2013 жылғы 13 ақпандағы N 108 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 12 наурызда N 2220 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 11 сәуірдегі N 197 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық мәслихатының 11.04.2014 N 197 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңы, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі N 394 "Жергілікті атқарушы органдар көрсететін әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Ақтоғай аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттары мен әлеуметтік көмек алуға қажетті құжаттардың тізбесі қосымшаға сәйкес айқындалсын.
2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы, аудандық
мәслихат хатшысы* **М. Оңғарқұлов**
КЕЛІСІЛДІ

*Ақтоғай ауданының жұмыспен
қамту және әлеуметтік
бағдарламалар бөлімінің бастығы* **Т. Жармағанбетов**

13 ақпан 2013 жыл

Ақтоғай аудандық мәслихатының
2013 жылғы 13 ақпандағы
N 108 шешіміне қосымша

Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттары мен әлеуметтік көмек алуға қажетті құжаттардың тізбесі

1. Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына:
жеке куәлігінің көшірмесі;

Ұлы Отан соғысының мүгедегі, қатысушысының мәртебесін растайтын
құжаттың көшірмесі;
тұратын жерін тіркеуді растайтын құжаттың көшірмесі;
жеке шотының нөмірі.

2. Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына теңестірілген
адамдарға:

жеке куәлігінің көшірмесі;
Ұлы Отан соғысының мүгедегі, қатысушысына теңестірілгендігінің
мәртебесін растайтын құжаттың көшірмесі;
тұратын жерін тіркеуді растайтын құжаттың көшірмесі;
жеке шотының нөмірі.

3. I, II және III топтағы мүгедектерге:
жеке куәлігінің көшірмесі;
мүгедектігін растайтын құжаттың көшірмесі;
тұратын жерін тіркеуді растайтын құжаттың көшірмесі;
жеке шотының нөмірі.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен аурулар тізімінде аталған
кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын адамдарға:
жеке куәлігінің көшірмесі;
арудың диагнозын растайтын медициналық мекемесінен құжат;
тұратын жерін тіркеуді растайтын құжаттың көшірмесі;
жеке шотының нөмірі.

5. Экологиялық зілзалалар, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше
жағдайлар салдарынан тұрғын үйінен айырылған адамдарға:
жеке куәлігінің көшірмесі;
экологиялық зілзалалар, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше
жағдайларды растайтын құзыретті органның қорытындысы;
тұратын жерін тіркеуді растайтын құжаттың көшірмесі;
жеке шотының нөмірі.

6. Мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерін, әскери қызметін орындау
кезінде, адам өмірін құтқару кезінде, құқық тәртібін қорғау кезінде қаза тапқан (
қайтыс болған) адамның отбасына:
жеке куәлігінің көшірмесі;
қайтыс болуы туралы куәлігінің көшірмесі;
тұратын жерін тіркеуді растайтын құжаттың көшірмесі;
жеке шотының нөмірі.

7. Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге келген жас мамандарға (

денсаулық сақтау, білім беру, және ветеринария):
жеке куәлігінің көшірмесі;
оқу орнын аяқтағаны жөнінде дипломның көшірмесі;
тұратын жерін тіркеуді растайтын құжаттың көшірмесі;
жеке шотының нөмірі.

8. Аз қамтамасыз етілген отбасыларына (егер отбасының жиынтық табысы белгіленген ең төменгі күн көріс деңгейінен аспаған жағдайда):
жеке куәлігінің көшірмесі;
өтініш берушінің (отбасының) материалдық-тұрмыстық жағдайын тексеру
а к т і с і ;

тұратын жерін тіркеуді растайтын құжаттың көшірмесі;
жеке шотының нөмірі.

9. 75 жастан асқан зейнетақының ең төменгі мөлшерін алатын адамдарға:
жеке куәлігінің көшірмесі;
тұратын жерін тіркеуді растайтын құжаттың көшірмесі;
жеке шотының нөмірі.

10. Мүгедек балаларға:
ата-анасының біреуінің жеке куәлігінің көшірмесі;
туу туралы куәлігінің көшірмесі;
мүгедектігі жөнінде анықтама;
тұратын жерін тіркеуді растайтын құжаттың көшірмесі;
жеке шотының нөмірі.